

Н.Д. Худайберген^{1*}, Н.А. Жеткерген²

¹М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹nqudaiberger@gmail.com, ²nurshat.zh1@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2482-0524, ²0009-0007-8345-4655

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЫРҒАҚТЫҚ ТҮРЛЕНІМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық, интонациялық және құрылымдық түрленімдер жан-жақты қарастырылады. Авторлар қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық, интонациялық және құрылымдық түрленімдерді жүйелі түрде талдап, жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынады. Зерттеу жұмысында балалар фольклорының жалпы қазақ поэзиясының дамуына тигізген ықпалын сараланып, балалар поэзиясының ырғақтық-интонациялық ерекшеліктері анықталып, дәстүрлі және жаңашыл өлшемдердің эволюциясы зерделенеді. Абайдың өлең реформалары мен кейінгі ақындардың поэтикалық тәжірибелері салыстырылып, балалар поэзиясында 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 буынды өлшемдердің қалай түрленгені және сирек кездесетін 1, 2, 3, 13, 14, 15, 16 буынды өлшемдердің қолданысы өлентану теориясының аясында көрсетіледі. Сондай-ақ, балалар поэзиясындағы анафора, эпифора, қайталау, логогриф, окказионализм, аллитерация, ассонанс, диалог, пунктуация мен кідірістің ырғақтық-интонациялық құрылымға тигізетін әсері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері қазақ өлең құрылысының даму тенденцияларын айқындап қана қоймай, оны практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу әдебиеттанушылар, өлентанушылар мен фольклортанушыларға қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық-интонациялық ерекшеліктерді тереңірек талдауға көмектеседі, сондай-ақ қазақ поэзиясының құрылымдық өзгерістерін зерттеуге қажетті әдістемелік негіз қалыптастырады. Сонымен қатар, зерттеу материалдары мектеп бағдарламасында балалар поэзиясын оқытуда, оқу-әдістемелік құралдар мен әдебиет оқулықтарын әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін. Қазіргі қазақ ақындары мен балалар әдебиеті авторлары үшін бұл зерттеу балалар поэзиясындағы дәстүрлі және жаңа ырғақтық-интонациялық жүйелерді тиімді пайдалану жолдарын көрсету арқылы шығармашылық ізденістеріне бағыт-бағдар береді. Жалпы, зерттеу нәтижелері қазақ балалар поэзиясындағы дәстүрлі өлшемдердің жаңаша түрленуі, интонациялық жүйенің күрделене түсуі және поэтикалық эксперименттердің қазақ өлең құрылысының эволюциясына ықпал етуі сияқты ғылыми тұжырымдарды ұсынады.

Алғыс: Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (BR27101897).

Кілт сөздер: түрленім, балалар фольклоры, балалар поэзиясы, өлең құрылысы, буын, бунақ, ырғақ т.б.

N.D. Khudaibergenov^{1*}, N.A. Zhetkergen²

¹Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹nqudaiberger@gmail.com, ²nurshat.zh1@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2482-0524, ²0009-0007-8345-4655

Features of Rhythmic Modification in Kazakh Children's Poetry

Annotation. The article comprehensively examines rhythmic, intonational, and structural transformations in kazakh children's poetry. The authors systematically analyze these changes and propose new scientific conclusions. The study explores the influence of children's folklore on the overall development of kazakh

poetry, identifies the rhythmic and intonational features of children's poetry, and analyzes the evolution of traditional and innovative metric forms. It compares Abai's poetic reforms with the poetic practices of later poets, illustrating the transformation of 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, and 12-syllable meters, as well as the rare use of 1, 2, 3, 13, 14, 15, and 16-syllable meters within the framework of poetic theory. Additionally, the study examines the impact of anaphora, epiphora, repetition, logogriphs, occasionalisms, alliteration, assonance, dialogue, punctuation, and pauses on the rhythmic and intonational structure of children's poetry. The research findings not only reveal trends in the development of kazakh poetic form but also enable their practical application. This study will help literary scholars, verse theorists, and folklorists conduct a deeper analysis of the rhythmic and intonational characteristics of kazakh children's poetry while also establishing a methodological foundation for studying structural changes in kazakh poetry. Furthermore, the research materials may be useful in teaching children's poetry in school curricula, developing educational and methodological resources, and preparing literature textbooks. For contemporary kazakh poets and children's literature authors, this research will serve as a guide in effectively using traditional and new rhythmic-intonational systems in their creative pursuits. Overall, the research findings provide scientific insights into the modern transformation of traditional metric patterns in kazakh children's poetry, the increasing complexity of the intonational system, and the influence of poetic experiments on the evolution of kazakh verse structure.

Acknowledgements: The research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (BR27101897).

Keywords: modification, children's folklore, children's poetry, verse construction, syllable, rhythm, etc.

Н.Д. Худайбергенов^{1*}, Н.А. Жеткерген²

¹Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹nqudaiberger@gmail.com, ²nurshat.zh1@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2482-0524, ²0009-0007-8345-4655

Особенности ритмической модификации в казахской детской поэзии

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются ритмические, интонационные и структурные трансформации в казахской детской поэзии. Авторы систематически анализируют ритмические, интонационные и структурные изменения в казахской детской поэзии, предлагая новые научные выводы. В исследовании изучается влияние детского фольклора на развитие казахской поэзии в целом, выявляются ритмико-интонационные особенности детской поэзии, а также анализируется эволюция традиционных и новаторских метрических форм. Сравниваются реформы стихосложения Абая и поэтический опыт последующих поэтов, демонстрируется трансформация размеров 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 слогов, а также редкое употребление размеров 1, 2, 3, 13, 14, 15, 16 слогов в рамках теории стихосложения. Кроме того, рассматривается влияние анафоры, эпифоры, повторов, логогрифов, окказионализмов, аллитерации, ассонанса, диалогов, пунктуации и пауз на ритмико-интонационную структуру детской поэзии. Результаты исследования не только выявляют тенденции развития казахской поэтической формы, но и дают возможность их практического применения. Данное исследование поможет литературоведам, стиховедам и фольклористам более глубоко анализировать ритмико-интонационные особенности казахской детской поэзии, а также сформирует методологическую основу для изучения структурных изменений в казахской поэзии. Помимо этого, материалы исследования могут быть полезны в преподавании детской поэзии в школьной программе, разработке учебно-методических пособий и литературных учебников. Для современных казахских поэтов и авторов детской литературы данное исследование послужит ориентиром в использовании традиционных и новых ритмико-интонационных систем в их творческом поиске. В целом, результаты исследования предлагают научные выводы о современной трансформации традиционных метрических форм казахской детской поэзии, усложнении интонационной системы и влиянии поэтических экспериментов на эволюцию казахского стихосложения.

Благодарность: Исследование было профинансировано Комитетом по науке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (BR27101897).

Ключевые слова: модификация, детский фольклор, детская поэзия, построение стиха, слог, ритм и др.

1. Kіpіcne

Поэзия – қазақтың рухани әлемінің қалыптасуында айрықша орны бар құбылыс. ХХ ғасырға дейінгі мәдени мұраларымыздың, негізінен, өлең сөз үлгісінде жетуінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлгенде жер қойнына кірер денең» деген сөзі ұлтымыздың тұрмыс-тынысының әрбір сәті өлеңмен, өнермен, поэзиямен біте қайнасып кеткенін көрсетеді. Мұны тіпті қазақтың ой-санасын зерттеуші ғалымдар да растайды. Академик Ә.Нысанбаевтың: «Қазақ халқының жоғары кісілік және тұлғалық философиялық мәдениетіне мән беріп, назар аударған ғалымдардың көбісі халықтың дәстүрлі дүниетанымында «көркем образдар» әлемі үстемдік ететінін байқайды. Шынымен де, қазақтар әлемді ұғымдық мағынада шегелеп көрсетуден гөрі, көркем бейнелермен астарлап өрнектегенді қалап келген халықтардың қатарына жатады» (Нысанбаев, 2013), – деген сөзі пікірімізді қуаттай түсетін, қазақ ұлтының ойлау жүйесі поэтикалық сипатта қалыптасқанын дәлелдейтін тұжырым болып саналады. Ал енді табиғатпен етене күн кешіп, сөз өнерін өнердің алды деп санап, бар арман-аңсары мен мұрат-мүддесін өлең өнері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген халықтың балаларға арналған әдеби-мәдени мұралары аз болмайтыны анық. Қазақтың балалар фольклорындағы сан-салалы жанрлары осының көрсеткіші бола алады.

Қазақ балалар поэзиясы ХХ ғасырдың 20-30-жылдарына дейін қалыптасу кезеңін бастан кешіргені мәлім. Жалпы, бұл кездегі балалар әдебиеті әлі де ауыз әдебиетінің шекпенінен шықпаған, бір жағынан, дидактикалық сарыны басым әдебиет болатын. Ақындар балаларға арналған өлеңдерінде ауыз әдебиеті үлгілерінің тармақтарын, кейде тіпті шағын шумақтарын сол қалпында өзгеріссіз пайдаланды. Дегенмен, Абай дәстүрін басшылыққа алған, әдеби-формалық эксперименттерге батыл бара білген ақындар кәсіпқой балалар әдебиетінің негізін қалап, ауыз әдебиетінің ықпалымен дамып келе жатқан балалар поэзиясын жаңа деңгейге шығарды. Балалар әдебиетінің тақырыптық аясы кеңейіп, мазмұндық һәм формалық тұрғыдан толыса түсті. Балалар поэзиясында фольклор мен еуропалық әдебиеттің синтездері көріне бастады. Бір жағынан, бұған әдебиетке өте қуатты қару-құрал ретінде қараған советтік жүйенің балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөлуі әсер етпей қоймады: арнаулы қаулылар қабылданып, осы бағытта әртүрлі газет-журналдар жарық көрді, балаларға арналған кітаптардың саны күрт артып, оларға қойылар талаптар бекітілді. Идеологиялық сипаты басым болса да, аталған басылымдардың балалар поэзиясының формалық тұрғыдан түрленуіне айтарлықтай ықпал еткені даусыз. М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Ш.Иманбаева т.б. қаламгерлер қазақ жазба балалар поэзиясының қалыптасуына көп үлес қосты. Олар қазақ балалар поэзиясының байлығын арттырып, әуендік жүйесіне айтарлықтай түрленім жасады деуге болады. Сол себептен де силлабикалық жүйеге жататын қазақ поэзиясындағы ырғақтық түрленім тақырыбын зерттеу жұмысымызға өзек етіп, өлең өлшемінен, өлең өрнегінен көрініс тауып отыратынын зерделеу бұл жұмыстың басты мақсаты болып табылады. Аталмыш мақсатқа жету үшін ырғақтық, интонациялық және құрылымдық түрленімдерді анықтау, балалар фольклорында бар үлгілердің жаңа

мән тауып, түрлене көрінетінін зерделеу, Абай әкелген алты аяқ, сегіз аяқ үлгілерінің балалар поэзиясындағы өзгерген үлгілерін талдау, қазақ өлең құрылысының негізгі ерекшеліктерін (буын жүйесі, ұйқас, пунктуация, кідіріс, дыбыстық үйлесім) зерттеп, олардың балалар поэзиясындағы қызметін сипаттау сынды міндеттер қойылды. Сонымен қатар балаларға арналған өлеңдердің поэтикалық заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан негіздеу, олардың әдеби, стильдік, көркемдік маңызын ашу және балалар поэзиясында қолданылатын түрлі әдеби-көркемдік тәсілдердің өлеңнің ырғақтық-интонациялық құрылымына әсерін анықтау міндеті қойылды.

2. Зерттеу материалдары мен әдістері

2.1 Зерттеу әдістері

Мақсатқа жету жолында материалдарды жинақтау, саралау, жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Мақалада тарихи-салыстырмалы әдіс, ырғақтық-интонациялық талдау әдісі және формалық-стилистикалық талдау әдісі пайдаланылды.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеу жұмысының пәні ретінде қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық, интонациялық және құрылымдық түрленімі, зерттеу материалы ретінде қазақтың балалар фольклорында және жазба балалар поэзиясында жиі кездесетін санамақ, бесік жыры, жаңылтпаш, өлең, тапқақ сынды жанрлары алынды. Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин сынды ақындардың шығармаларындағы өлең құрылымы, олардың қазақ балалар поэзиясына ықпалы, дәстүрлі өлшемдерді жаңаша түрлендіру тәжірибесі талдау нысанына алынды. Бұл зерттеуде қазақ поэзиясына реформа жасаған Абайдың алты аяқ, сегіз аяқ үлгілерінің балалар поэзиясында қалай қолданыс тапқаны, Мағжан мен Сәкеннің бұл өлшемдерді қалай дамытқаны, кейінгі кезеңде Ә.Қайран, Ж.Кәрбозин, Е.Өтетілеуов, Б.Серікбайұлы, Ж.Смаков, Ж.Әбдіраш, Е.Елубаев, Ж.Қашқынов сияқты ақындардың қазақ балалар поэзиясына енгізген ырғақтық және құрылымдық жаңашылдықтары сараланды. Сондай-ақ, қазақ балалар поэзиясындағы 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 буынды өлеңдер қамтылып, олардың құрылымдық, интонациялық, стильдік ерекшеліктері сипатталды. Зерттеу барысында қазақ өлең құрылысы туралы іргелі ғылыми еңбектер пайдаланылды, атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы, З.Қабдолов, З.Ахметов, Қ.Жұмалиев, С.Негимов сияқты ғалымдардың қазақ өлеңінің ырғақтық-интонациялық жүйесі мен құрылымына қатысты зерттеулері негізге алынды. Бұл еңбектер қазақ поэзиясының силлабикалық жүйесі, буындық құрылымы, ұйқас жүйесі, пунктуация мен кідірістің рөлі, дыбыстық-мелодикалық үйлесімі, интонациялық ерекшеліктері туралы ғылыми тұжырымдар жасауға негіз болды. Осы материалдарды кешенді түрде қарастыру арқылы қазақ балалар поэзиясындағы дәстүрлі және эксперименттік өлең өлшемдерінің түрлену сипаты айқындалып, олардың интонациялық, стильдік және көркемдік ерекшеліктері жан-жақты талданды.

3. Талқылануы

Қазақ балалар поэзиясындағы түрленім мәселесін жете тану үшін әртүрлі әдеби-көркемдік тәсілдердің табиғатына үңілу аздық етеді. Сонымен қатар, өлең

өлшемдерінің түрленуіне мән беру қажет. Себебі, силлабикалық жүйеге жататын қазақ поэзиясындағы түрленім құбылыстар, ең алдымен, өлең өлшемінен, өрнегінен көрініс тауып отырады. Осы орайда, академик З.Қабдоловтың «Буын мәселесі – қазақ өлеңінің құрылысын байыптаудағы басты мәселе» (Қабдолов, 2003: 263) деген пікірін еске алу орынды болмақ. Балалар фольклорынан жеткен 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 буынды өлшемдер жазба балалар поэзиясында ырғақтық, интонациялық тұрғыдан мейлінше байи түсті. Әртүрлі әдеби эксперименттерге бара білген ақындар қазақ өлеңінің құрылысына өзгеше сыр-сипат әкелді. Ал өлең формасына батыл реформа жасаған ақындардың басында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы тұр деуге негіз бар. Ол – қазақ поэзиясының мазмұнын ғана емес, ырғақтық жүйесін де байытып, жаңа үлгілер сыйлаған реформатор ақын. Ол – өлең өнерімен «болашақты бейнелей алған суретші» (Саметова, 2024: 400). Абай қазақтың дәстүрлі поэзиясында ең жиі қолданылатын 7-8 буынды және 11 буынды өлшемдерге жаңа өрнектер сыйлады. 11 буынды өлшемнің әнге, әуезге сүйенген ырғақтық кестесін ауызекі сөйлеу мәнеріне лайықтады, сонымен қатар «бұрын шумақсыз ой оралымдарына сай түйдекпен берілетін 7-8 буынды өлшемдерді белгілі тармақ сандарының жүйелі үндестігіне негізделген ырғақтық-интонациялық жүйеге түсірді» (Үсенова, 2010: 27). Сондай-ақ, алты аяқ, сегіз аяқ деп аталатын мүлдем жаңа кестелерді туғызды. Ұлы ақынның аталмыш жаңа өрнектері қазақ поэзиясының дәстүрлі өлшем-өрнектерінің қатарына қосылып, кең қолданысқа түсті. Өз кезегінде бұл өрнектер кейіннен балалар поэзиясының түрлене-түлей түсуіне жол ашты. Әсіресе, XX ғасырдың басында Абай дәстүрін үлгі тұтқан, сөйтіп, өздері де жаңаша өлшем-өрнектер жасауға талпынған ақындар шоғыры көрінді.

XX ғасырдың басында өмір сүрген ақындардың бәрі дерлік Абай дәстүрінде жазды. Олардың ішінде әсіресе Мағжан мен Сәкеннің шығармашылығында алты аяқ үлгілерінің түрленген, дамыған нұсқаларын көптеп кездестіруге болады. Мағжан мен Сәкен Абайдың алты аяғы мен сегіз аяғын балалар поэзиясына әкелген, оны өзінше дамыта ұсынған ақындар саналады. Мысалы, М.Жұмабаевтың «Балалық шағы» өлеңін алайық.

Жастық – алтын,
Құрып қал салтын,
Салты оның – үйрену.
Өнер қуып,
Бел бекем буып,
Надандықтан жирену!
Тұрма, қарғам, ұмтыл!
Аты өшкірден құтыл! (Жұмабаев, 1995: 45).

Бұл өлең құрылымдық тұрғыдан Абайдың сегіз аяқ үлгісіндегі өлеңдерімен ұқсас. Десек те, ырғақтық-интонациялық тұрғыдан бірдей деп айта алмаймыз. Аталмыш өлеңнің мазмұнына ағартушылық сипат тән. Автор оқу-білімге ашық шақырып, оқушысын жігерлендіреді. Ақын өлең құрылымында лепті, екпінді жырдың ырғақтық-

интонациялық жүйесін қолданған. Сонымен бірге, М.Жұмабаев «Бесік жыры» деп аталатын өлеңінде үшінші тармақтары қысқарақ алты аяқ үлгісін жасайды:

Күнім, айым,
Еркетайым,
Бөлейін енді.
Тыста дауыл,
Жатқан ауыл,
Ұйқың да келді.

Жұмсақ бесік,
Жылы төсек.
Жата ғой, қозым.
Әлди, бөпем,
Әлди, бөпем,
Ұйықта, жұм көзің (Асқар, 2008: 97).

«Балаға деген махаббат, еркелету, айналып-толғану – бесік жырының негізгі өзегі» (Асқар, 2008). М.Жұмабаевтың бесік жырындағы мазмұн ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі бесік жырларының мазмұнымен үндес болса да, сыртқы сипаты жағынан мүлдем өзгеше түр тапқан. Себебі, Мағжан – Абайдың алты аяқ үлгісіне салып бесік жырын жазған тұңғыш ақын. Әдетте, дәстүрлі бесік жырларының өлшемі 7-8 буынды болып келеді және мұндай дәстүрлі жырларда шумақсыз ой оралымдарының салмағы басым түсіп отырады. Яғни, белгілі бір тармақ сандарының жүйелі түрде үндесуінен туатын шумаққа ұқсамайды. Алайда, Мағжан бесік жырын Абайдың алты аяқ үлгісіне салып жазды. Мұның өзі ауыз әдебиетіндегі әнге негізделген ырғақтық жүйе мен жазба поэзиядағы ырғақтық-интонациялық жүйенің арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Десе де, Мағжан Абайдың алты аяқ үлгісін сол қалпында пайдалана салмаған. Әдетте, Абайдың алты аяқ үлгісіндегі үшінші және алтыншы тармақтар 7 буынды болып келсе, Мағжан ақында олар 5 буынды өзгеше өрнекпен берілген. Сондай-ақ алты аяқ пен сегіз аяқ үлгілерінде бірінші және екінші тармақтардағы ой ағысы үшінші тармаққа келгенде төгіле түсетін болса, Мағжанның аталмыш сегіз аяғында ой ағыны аса кең ашылмай, қысқа қайырылады.

Абайдың алты аяғының түрленген үлгісі Ә.Қайранның шығармашылығында кездеседі. Мысалы, оның «Жылқы жыры» деп аталатын өлеңінен алты аяқтың үшінші және алтыншы тармақтарының түрленген үлгісін көреміз:

Жылқы – жырым,
Жылқы – пірім,
Жылқы – малым.
Жылқы мініп,
Жұлқындырып,

Болашаққа ұмтыламын! (Балалар поэзиясының антологиясы, 2010: 60).

Ақын алты аяқ үлгісін пайдалана отырып, өлеңнің үшінші тармағын 5 буынды өлшеммен, ал алтыншы тармағын 8 буынды өлшеммен жазған. Мағжан алты аяқ

үлгісінің түйінді тармақтарын, яғни үшінші және алтыншы тармақтарын 5 буынды өлшеммен берген. Ал алтыншы тармақтың соңғы сөзі мен үшінші тармақ тұтастай ұйқасып тұрғаны және аталмыш алты аяқ үлгісінің бастапқы бес тармағының аллитерациялық тәсілмен бірыңғай «ж» әрпінен басталып тұруы өлеңнің интонациялық жүйесіне өзгеше мән үстеп тұр. Сонымен қатар, өлең шумағындағы сызықшалардың да атқарар қызметі зор. Олар өленде терең кідіріс туғызып, жылқы сөзінің семантикалық-стилистикалық салмағын ауырлатып, мән-мазмұнын тереңдетіп тұр деп айтуға негіз бар.

Алты аяқ үлгісінің үшінші және алтыншы тармақтары өзара ұйқасып келетіні белгілі. Біз жоғарыда келтірілген алты аяқтың түрленген үлгілерінің бәрінде дерлік осы тәртіп сақталған. Балалар поэзиясында аталмыш тәртіпті бұзып, үшінші және алтыншы тармақтарды сындырып, екі тармаққа жіктеп беру тәжірибесі Ж.Смақовтың «Сылдырмақ» өлеңінен көрініс тапқан:

Сылдырмақ
Сылдырлап,
Бесікте
Тұрады.
Бөпешім
Былдырлап,
Сылдырмақ
Ұрады.
Бас салып,
Қолға алып,
Ауызға салады.
Сол кезде
Сылдырмақ
Сөйлемей

Қалады (Әлімбаев & Баянбаев, 1992: 219).

Бұл – алты аяқтың түрленген үлгісі. Ақын әрбір сөзді жеке тармақ етіп беру арқылы өлең мазмұнын ашып, сылдырмақтың табиғатын танытуды көздеген. Бір жағынан, бұл өлеңнің ырғақ жүйесін түрлендіріп, әр сөзге эмоциялық екпін түсіріп, интонациясын ойнақы етіп шығарған. Ырғақтық бірлікті бірнеше тармаққа бөліп беру тәсілі қазіргі қазақ поэзиясына берік орныққан дәстүр болып қалды. Бұл өз кезегінде қысқа тармақтардағы жекелеген сөздердің семантикалық, синтаксистік, интонациялық салмағын арттырып, бунақтар арасындағы жікті күшейте түседі. Өлеңдегі ой мен сезімнің жүгі ендігі ретте әрбір бөлініп берілген қысқа тармақтарға артылады.

Абайдың алты аяқ үлгілерін қазақ балалар поэзиясынан көптеп кездестіруге болады. Дегенмен, «төңкерілген» алты аяқтың үлгілерін кездестіру қиын. Балалар поэзиясына мол олжа салған ақын Ж.Кәрбозиннің «Күшігім» деп аталатын өлеңінде біз осындай үлгіні кезіктірдік:

Қаппас итті басынып,
Ойнайды,
Қоймайды.
Мойнына асылып,
Тістейді,
Түспейді (Әлімбаев & Баянбаев, 1992: 302).

Біз жоғарыдағы мысалдардан Абай шығармашылығы арқылы қазақ поэзиясына келіп қосылған, сөйтіп, балалар поэзиясына XX ғасырдың алғашқы ширегінде орнығып, кейіннен түрлене түскен алты аяқ үлгісінің эволюциялық даму жолын көреміз. Дәстүрді сақтай отырып жаңашылдыққа ұмтылу үдерісі қазақ поэзиясында қай кезде де толастаған емес. Міне, бұл көркемдік-эстетикалық құбылысты біз бір ғана Абайдың алты аяқ үлгісінің мысалында көрсетуге тырыстық. Айта кетерлік бір жайт, қазақ балалар поэзиясында алты аяқтың сан түрлі үлгілері кездессе де, сегіз аяқ үлгісінің тым аз екеніне көз жеткіздік.

Біз жоғарыда қазақ балалар поэзиясындағы формалық, ырғақтық, стильдік өзгерістердің табиғатын тану үшін өлең өлшемдеріне мән беру керектігін тілге тиек еттік. Ал қазақтың балалар поэзиясында 2 буынды өлшеммен жазылған өлеңдерден бастап 16 буынды өлшеммен жазылған өлеңдерге дейін кездеседі. Біз аталмыш өлең өлшемдері жөнінде нақты мысалдар келтіре отырып, олардың түрлену эволюциясын анықтауға тырыстық.

Жалпы, балалар әдебиетіне қысқалық тән. Балалар фольклорында кездесетін бүлдіршіндерге арналған өлең-жыр атаулының көбі тілге жеңіл, айтуға оңай, қысқа да нұсқа үлгілер болып келетіні соның айғағы. Бұл дәстүр жазба балалар әдебиетінде де өз жалғасын тапты. Себебі, бала танымы соны қажет етеді. 2 буынды өлең өлшемі қазақ поэзиясында өте сирек кездеседі. Оның өзі кейіннен жазба поэзияда батыл әдеби эксперимент жасаған ақындардың шығармашылығында ғана көрінетінін ескеру керек. Әйтпесе, балалар фольклорында 2 буынды өлшеммен айтылатын жыр жоқ. Біз балалар поэзиясында 2 буынды өлшеммен жазылған жыр үлгісін Б.Серікбайұлының «Санамақтарынан» кезіктірдік. Ақын 1 санына арналған өлеңін мынадай өрнекпен кестелейді:

Бір
Піл,
Бір
Зіл,
Бір
Құр,
Бір
Шіл,
Бір
Гүл,
Бір
Ұл...

Біл,
Бұл –
Кіл
Бір! (Қошым-Ноғай, 2003: 92).

Аталмыш өлеңді 1 буынды өлшеммен жазылған өлең деп айтуға да келетіндей. Дегенмен, біз мұны ырғақтық бірліктің сипатына қарай 2 буынды өлшем деп есептейміз. Тек акын бір ырғақтық бірлікті екі тармаққа бөлшектеп, «бір» санына ерекше семантикалық, логикалық екпін түсіруді көздеген. Осылайша, акын баланың санасына бір саны туралы түсінікті сіңіріп, оны берік орнықтыру үшін осындай амал-қадамға барған деп ойлаймыз. Өлеңнің бір буыннан тұратын әрбір сөзі жеке тармақ құрап отыр және әр сөз-тармаққа мазмұндық салмақ артылған. Ал енді өлеңдегі «ұ», «і» дауысты дыбыстары мен «р», «л» дауыссыз дыбыстары өлеңнің дыбыстық-интонациялық жүйесін түрлендіріп, ырғақтық жүйесін байытып тұр. Яғни, аталмыш өлеңде өзге өлеңдерде кездесе бермейтін дыбыстық-мелодикалық жарасым айқын көрінеді. Сонымен қатар мұнан өзге де құндылығы бар. Бұл – ұқсас әріптерді айыра білуге тамаша жаттығу. Ұ, Ү, І немесе Р, Л дыбыстарының айырмашылығы мүлде басқа сөз тудырып, мүлде басқа мағына беретінін өлеңге сыйдырған педагогикалық тәсіл екенін аңғаруға болады.

Е.Өтетілеуов – балалар поэзиясында әртүрлі әдеби эксперименттер жасай білген талантты акын. Ол кей өлеңдерінде бірнеше өлшемді бір өлеңнің бойына сыйғыза біледі. Мысалы, акынның «Мәнсіз не, сәнсіз не?» деген өлеңі өзінің қысқалығымен ғана емес, ұйқас жүйесімен, ырғақтық-интонациялық сипатымен ерекшеленеді:

Жаз
Күнсіз,
Бақ
Гүлсіз.
Күн
Түнсіз,
Өн
Үнсіз –

Мәнсіз де сәнсіз (Әлімбаев & Баянбаев, 1992: 338).

Акын 3 буынды өлшемнің 1+2 кестесін жасаған. Әрбір ырғақтық бірлік қос тармақтан тұрады және шумақтың соңғы тармағы 5 буынды өлшемнің 3+2 өрнегімен түйінделеді. Соңғы тармаққа семантикалық, логикалық салмақ түскен.

4 буынды өлшем қазақтың балалар фольклорында жиі кездеседі. Жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдердің өлшемдік арқауы болған аталмыш өлшем кейіннен жазба балалар поэзиясының ырғақтық-интонациялық жүйесінің түрленуіне де жол ашты. Мысалы, акын Ж.Әбдіраш «Тілашар» деп аталатын өлеңінде дәстүрлі 8 буынды өлшем мен 4 буынды өлшемді сабақтастыра отырып мынадай өлең үлгісін туғызған:

Әліппе алып,
Әріп танып,
Тіл сындырдым,

Өліп-талып...
Тағы да той жасап атам,
Талап қойды аса қатаң:
–Беліңді бу –
Қиындарға!
Білімді ку –
Миың барда! (Асқар, 2008: 358).

Әдетте, лирикалық қаһарманның бойындағы эмоциялық, физиологиялық, когнитивтік өзгерістерді көрсету үшін ақындар 7 буынды дәстүрлі өлшемді жиі қолданады. Ал Ж.Әбдіраш 4 буынды өлшеммен баланың ақыл-ой тәжірибесін сәтті бере білген деп ойлаймыз. Өлең шумақтарының бірде 4 буынды өлшеммен, бірде 8 буынды өлшеммен берілуі оның ырғақ жүйесін байытып тұр.

Қазақ балалар поэзиясында 5 буынды өлшеммен жазылған өлеңдер де кездеседі. Қазақ поэзиясында 5 буынды өлшемнің 2+3 және 3+2 кестелері кең таралған. 2+3 кестесі ауыз әдебиетінде жиі көрінеді. Әдетте, аталмыш өрнек белгілі бір заттар мен құбылыстарға сипаттама бергенде қолданылады. Мысалы:

Жағы қалақтай,
Мойны садақтай,
Төбелі жұлдыздай,
Жүні құндыздай,
Жалы жібектей,
Саны білектей,
Көзі моншақтай,
Құйрығы шашақтай. (Қошым-Ноғай, 2021: 52).

«Торы құлын» деп аталатын балалар фольклорының үлгісінде 2+3 өрнегін байқау қиын емес. Асылы, аталмыш өлеңнің ауызекі сөйлеу мәнері басымырақ түсіп тұрғанын көруге болады.

Жалпы, 5 буынды өлшемнің 2+3 және 3+2 кестелерінен бөлек жаңа өрнек тапқан ақындар қазақ балалар поэзиясында да көп емес. Мысалы, саналы ғұмырын балалар жырын байытуға арнаған ақын М.Әлімбаевтың «Бал араның жыры» деген өлеңінде 5 буынды өлшемнің мүлдем тосын – 4+1 өрнегін кезіктіреміз:

Баратыным –
Қыр.
Қонатыным –
Гүл.
Теретінім –
Нәр.
Беретінім –
Бал. (Әлімбаев & Баянбаев, 1992: 61).

Ақын 5 буынды өлшемнің қазақ балалар поэзиясында бұған дейін кездеспеген жаңа кестесін туғызған. Ақын әрбір бунақты жеке-жеке тармақтарға бөлу арқылы

әрбір сөзге ерекше екпін түсіріп, мазмұнын тереңдете түскен. Сонымен бірге, әрбір ырғақтық бірлік толыққанды синтаксистік құрылым болып, нүкте арқылы бөлініп, арада әдеттегі өлең тармақтарының арасында кездесетін кідірістен тереңірек кідіріс туған. Өлең шумағындағы кідірістің ұзара түсуіне нүктенің ғана емес, сызықшаның да айтарлықтай ықпалы тиіп тұр.

6 буынды өлшемнің ырғақтық-интонациялық жүйесі 5 буынды өлшемнің ырғақтық жүйесіне қарағанда әлдеқайда бай деп айтуға болады. Оны біз қазақ балалар поэзиясындағы әртүрлі эксперименттерге барған ақындардың шығармашылығынан анық байқаймыз. Жалпы, 6 буынды өлшемнің төркіні де ауыз әдебиетіне барып тірелетіні анық. Дегенмен, оның мейлінше түрленген үлгілері кейінгі жазба поэзияда туғанын да айту міндет. Қазақтың балалар фольклорында өтірік өлең, бесік жыры, жаңылтпаш, мазақтама сынды жанрлардың 6 буынды өлшеммен айтылатын үлгілері кездеседі. Мысалы, 6 буынды өлшемнің 2+2+2 кестесі де ауыз әдебиетінде ұшырасады. Сонымен қатар, ауыз әдебиетінде 6 буынды өлшемнің 4+2 кестесімен айтылатын өтірік өлеңдер бар:

Мініп алып құртқа,
Өрмеледім бұлтқа.
Алып келіп Айды,
Көрсеттім көп жұртқа. (Матыжанов, 2023: 225).

6 буынды өлшемнің 3+3 кестесі балалар поэзиясында кеңінен қолданылатын өрнектердің қатарына кіреді. Е.Өтетілеуовтің «Пай! Пай!» және «Бай! Бай!» деп аталатын мадақтамасы мен мазақтамасы мазмұн мен пішін жарасымының айқын үлгісін танытады. Ақын 6 буынды өлшемнің 3+3 өрнегін пайдаланды десек те, өлең ішіндегі кейбір ырғақтық-синтаксистік құрылымдар 9 буынды өлшемнің 3+3+3 өрнегімен беріледі. Алайда, бұл өлеңнің ырғақтық жүйесіне қосымша мән үстеп, интонациялық тұрғыдан байытып тұр деп айтуға негіз бар. Біз алдымен ақынның «Пай! Пай!» деп аталатын мадақтамасын оқиық:

Бұл бала
Қай бала?
Пай! Пай!
Қарашы
Үстіне,
Өзіне –
Бір кіршік
Түсті ме
Көзіңе?
Пай! Пай!
Тап-таза
Ақ қаздай,
Киімі
Мұнтаздай.
Пай! Пай! (Әлімбаев & Баянбаев, 1992: 349).

Өлеңде 8 ырғақтық құрылым 15 тармаққа тасымалданып берілген. Бірінші ырғақтық құрылымдағы қос тармақ оқырманның назарын аудартып тұрса, одан кейінгі одағай сөздердің екі рет қайталанып жеке тармақ құрап тұруы өлеңнің интонациялық жүйесін түрлендіріп, ерекше кідіріс туғызады. Үшінші ырғақтық құрылымда кідіріс күшейе түседі. Себебі, ақын мұнда 9 буынды өлшемнің 3+3+3 өрнегін қолданып, оларды 3 тармаққа жіктеп, үтір және сызықша белгілерімен әдеттегі кідірістен ұзағырақ кідіріс туғызып, әрбір сөздің лексикалық мән-мағынасына оқырманды үңілдіреді. Төртінші ырғақтық-синтаксистік құрылымда да 9 буынды өлшемнің 3+3+3 өрнегін қолданады. Бір қызығы, ақын өлең шумағындағы әрбір ой ағынынан кейін «Пай! Пай!» деген одағай сөздерді жеке бір ырғақтық бірлік жасау арқылы өлеңге интонациялық әр беріп отырады. Бесінші және алтыншы ырғақтық құрылымдар 2 тармақтан тұрады.

Қазақ балалар поэзиясының түрлене түсуіне жол ашқан өлең өлшемінің бірі – 9 буынды өлшем. Жалпы, аталмыш өлшем ауыз әдебиетінің балаларға арналған үлгілерінде сирек кездеседі. Дегенмен, XX ғасырдың басында өмір сүрген Шәкәрім, С.Сейфуллин сынды ақындар 9 буынды өлшемді түрлендіріп, 5+4 және 3+3+3 кестелерін туғызды. Аталмыш өлең өрнектері кейіннен қазақ балалар поэзиясына да орнығып, әртүрлі үлгілері көрініс тапты. Мысалы, Е.Елубаев өзінің «Алма бақ» деген өлеңінде 9 буынды өлшемнің 5+4 кестесін сәтті пайдалана білген:

Ерте көктемде
Ерлеген – біз.
Алма ағаш егіп,
Терлегенбіз.
Суарып,
Баптап,
Бағайық деп,
Шырын алмасын
Қағайық деп,
Жеген адамның
Қаны толсын деп,
Туған өлкенің
Сәні келсін деп...
Ағаштар өсіп,
Алма бақ болды.
Өздері де бір
Әмбебап болды (Асқар, 2008: 317).

Өлеңде сегіз ырғақтық бірлік бар. Шәкәрімнің «Анамнан алғаш туғанымда» деп аталатын өлеңінде қолданылған 9 буынды өлшемнің 5+4 кестесінен интонациялық тұрғыдан ерекшеленеді. Аталмыш өлеңге лептілік тән. Бір жағынан, өлеңнің мұндай сипат алуына ырғақтық бірліктердің бірнеше тармаққа бөлшектеңіп берілуі де әсер етіп тұр. Өлеңнің ұйқас жүйесі де күрделі. Аралас ұйқасқа құрылған аталмыш өлеңде

лирикалық қаһарманның ой-санасындағы игі іс жаңғыртыла суреттелген. Бірінші ырғақтық бірліктің өзінен-ақ ширақ мәнер басталады. Ондағы сызықша әдеттегі бунақаралық кідірістен едәуір ұзақ және лирикалық қаһарманның болмысына оқырманды үңілдіріп, сол арқылы ағаш егу дейтін сауапты іске жас оқырманды қызықтыра түсу мотиві бар. Екінші ырғақтық бірліктің де бірінші ырғақтық бірліктегі ой ағынын толықтыра түсу қызметі күштірек. Ал үшінші ырғақтық бірліктен бастап өлеңнің интонациялық жүйесі өзгеріске ұшырайды. Осы арқылы ақын лирикалық қаһарманның әрекетінің негізгі мақсатын түсіндіруге көшеді. Үшінші ырғақтық бірлік үшке бөлініп берілген. Мұның өзі ақынның әрбір етістікке семантикалық-логикалық екпін түсіріп, ағаш өсіру ісінің мән-маңызына оқырман назарын аудару мақсатынан туған амалы деп есептейміз. Үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы ырғақтық бірліктердің бірыңғай «деп» сөзімен аяқталуы, үшінші және төртінші ырғақтық бірліктердің «бағайық деп», «қағайық деп» үлгісінде, ал бесінші және алтыншы бірліктердің «толсын деп», «келсін деп» деген үлгіде ұйқасуы өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін ауызекі сөйлеу мәнеріне жақындата түскен. Тіпті аталмыш төрт ырғақтық бірлікте көне түркі сарынына тән интонациялық даралық тән. Аталған төрт ырғақтық бірлік бірдей интонациямен айтылып келіп, алтыншы ырғақтық бірліктің көп нүктемен аяқталуы қалыпты кідіріске қарағанда терең кідіріс туғызып, үнсіздік арқылы өлең мазмұнын байытып тұр. Кейінгі ырғақтық бірлік жоғарыда сипатталған өлең мақсатының нәтижесін көрсетуге арналған.

Қазақ балалар поэзиясында 9 буынды өлшемнің жоғарыда мысалға келтірілген кестелерінен бөлек үлгілерін де кездестіруге болады. Мысалы, Ж.Қашқынов өзінің «Тақпақ» деп аталатын өлеңінде 9 буынды өлшемнің жаңа түрін жасай білген:

Жұрт жүрген баламын мен
Мақтап,
Тақпақты аламын мен
Жаттап.
Таңдайым тақылдайды
Тақ-тақ,
Әйтпесе айтылмайды
Тақпақ. (Өлімбаев & Баянбаев, 1992: 478).

9 буынды өлшемнің біркелкі 3+4+2 ырғағына құрылған аталмыш өлең шумағы инверсиялық тәсілмен басталып тұр. Осылайша, әрбір ырғақтық бірліктің екінші тармағы өзара ұйқасып тұр. Ақын әрбір ырғақтық бірлікті екі тармаққа бөлу арқылы әсіресе екінші тармаққа ерекше екпін түсірген. Сол арқылы автор баланың тілімен үлгілі баланың бейнесін жасауға тырысқан. Егер әрбір ырғақтық оралымды бір тармақ етіп бергенде өлеңнің ұйқас жүйесі бірыңғай шұбыртпалы ұйқас болар еді. Алайда, ақын ой ағынын бірнеше тармаққа бөлшектеу арқылы ұйқас жүйесін де түрлендірген. Ал ұйқас жүйесінің өзгеруі өз кезегінде өлеңдегі ырғақтық-интонациялық жүйенің түрлене түсуіне негіз болады. Ақынның бұл өлеңін тақпақ жанрына жатқызуға болады. Себебі, бұл өлең тақпақтың бүкіл шарттарына сай

келіп тұр. Қ.Ергөбек оның шарттарын былай жіктеп көрсеткен болатын: «Тақпақтың лирикалық өлеңнен айырмашылығы – біріншіден, айтары анық, тәрбие сабағын ашық мәтінмен айтушылық; екіншіден, мейлінше қарапайым келеді, бала жаттауына жеңіл, жүрекке жедел жететіндей болуы; үшіншіден, әр сөзі өз орнында тұруы керек; жай тұрмай тәрбиелік бір ой айтып тұруы керек, төртінші сипаты; бесінші тақпақта метафораға жол кең ашылмайды, метафораға бара беру ақын үшін шарт емес, бара қалғанда да қарапайым «шамнан шырақ жағылар» дегендей нақты болуы керек; алтыншыдан, әр жол бірінен туып, екінші ойды туындатып отыратын «Кел, балалар, оқылық, Оқысаңыз, балалар!» деген сияқты себеп пен салдар арасы өзара жалғасып кете баруы керек» (Ергөбек, 2021: 43).

Балалар поэзиясындағы түрленім мәселелерін зерделегенде, ең алдымен, бүлдіршіндерге арналған өлең-жырлардың ырғақтық, интонациялық жүйесіне әсер ететін көркемдік тәсілдердің қызметін бағамдау қажет деп есептейміз. Осы орайда, өлеңнің синтаксистік-морфологиялық жүйесі ғана емес, орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық, дыбыстық жүйесі де өлеңнің ырғақ жүйесін дамытып, түрлендіре түсуге түрткі болатынын аңғарамыз. Каламбур, қайталау, анафора, эпифора, логогриф, окказионализм, диалог т.б. тәсілдер соның айғағы бола алады. Аталмыш тәсілдер өлеңнің интонациялық-мелодикалық үйлесімін күшейтіп, ырғақ жүйесіне жаңа мән үстейді. Сөйтіп, баланың ойы мен сезімін қозғап, таным көкжиегін кеңейтеді. Олардың бірқатары ауыз әдебиетінің үлгілерінде кездесе қоймайды немесе жаңа мән аркалап, түрленіп көрінеді.

Екіншіден, қазақ поэзиясындағы ырғақтық, стильдік һәм формалық трансформациялардың табиғатын тану үшін өлең өлшемдеріне мән беру керек деп ойлаймыз. Себебі, силлабикалық өлең жүйесіне жататын қазақ поэзиясындағы кез келген жаңа құбылыс оның буын жүйесінен көрініс табады. Балалар фольклорынан жеткен 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 буынды өлшемдер балалар әдебиетінің соңғы бір ғасырлық тарихында едәуір құбылып, түрленіп үлгерді. Тіпті балалар поэзиясынан 1, 2, 3, 13, 14, 15, 16 буынды өлшемдермен жазылған өлең-жырларды кездестіруге болады. Қазақ балалар поэзиясындағы түрленім мәселелерін өлең өлшемдері тұрғысынан сөз еткенде, олардың екі түрлі бағытта жүзеге асқанын байқауға болады. Біріншіден, дәстүрлі өлшемдермен жазылған өлең жолдары бірнеше тармаққа жіктеліп, әр сөз бен сөз тіркесіне ерекше екпін түсіру дәстүрі орнықты. Екіншіден, буын саны әртүрлі өлшемдерді еркін сабақтастыра отырып өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін байыту дәстүрі орныққанын айтуға болады. Осылайша, ақындар өлеңнің ырғақ жүйесін құбылтып, түрлендіріп, белгілі бір сөздер мен сөз тіркестеріне ерекше екпін түсіріп, эмоциялық, семантикалық салмағын арттыруды көздейді.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу нәтижесінде қазақ балалар поэзиясында дәстүрлі өлшемдер мен жаңашыл ырғақтық-интонациялық құрылымдардың қатар қолданылатыны анықталды. Абайдың алты аяқ және сегіз аяқ үлгілері балалар поэзиясында кеңінен орнығып, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ә.Қайран, Ж.Кәрбозин сынды ақындар

бұл үлгілерді өзінше дамытқаны байқалды. Сонымен қатар, балалар поэзиясында бұрыннан қолданылып келе жатқан 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 буынды өлең өлшемдерінің әртүрлі әдеби-көркемдік тәжірибелер арқылы түрленіп, жаңа ырғақтық-интонациялық жүйелер қалыптасқаны анықталды. Сондай-ақ, сирек кездесетін 1, 2, 3, 13, 14, 15, 16 буынды өлшемдердің де қолданылуы қазақ балалар поэзиясындағы жаңашылдықтың айқын көрінісі ретінде сипатталды. Өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін түрлендіруде пунктуация мен кідірістің (пауза) маңызы ерекше екені дәлелденіп, Ж.Қашқыновтың «Тақпақ» өлеңіндегі ырғақтық құрылым мен М.Әлімбаевтың «Бал араның жыры» өлеңіндегі 5 буынды жаңа өрнектің көркемдік ерекшеліктері зерттелді. Сондай-ақ, балалар фольклоры мен жазба балалар поэзиясы арасында ырғақтық-интонациялық құрылым тұрғысынан айырмашылықтар бары анықталды, әсіресе дәстүрлі бесік жырларының 7-8 буынды өлшемдері мен Мағжан Жұмабаевтың бесік жырындағы алты аяқ үлгісінің арасындағы құрылымдық өзгешеліктер сипатталды. Балаларға арналған өлеңдерде қолданылатын анафора, эпифора, қайталау, логогриф, окказионализм, аллитерация, ассонанс, диалог сияқты әдеби-көркемдік тәсілдердің ырғақтық-интонациялық құрылымға тигізетін әсері талданып, олардың өлеңнің эмоциялық қуатын арттырып, балалар қабылдауына ыңғайлы болуына ықпал ететіні дәлелденді. Қазақ балалар поэзиясында дәстүрлі және эксперименттік өлшемдердің қатар дамуы, дәстүрді сақтай отырып жаңашылдыққа ұмтылу үдерісі айқындалып, әр ақын өз шығармашылығында өлеңнің поэтикалық құрылымын байытып отырғаны анықталды. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ балалар поэзиясындағы ырғақтық, интонациялық және құрылымдық түрленімдер балалар әдебиетінің көркемдік деңгейін көтеруге ықпал ететінін және поэтикалық тәжірибелердің қазақ өлең құрылысының дамуына әсер еткенін көрсетті.

5. Қорытынды

Қазақ балалар поэзиясындағы модификациялық құбылыстар соңғы жүз жыл бойына үздіксіз жүзеге асып келе жатқанын байқауға болады. XX ғасырдың алғашқы ширегінде Абай поэзиясын үлгі тұтқан бір топ қаламгерлер қазақтың ауыз әдебиетінің шеңберінде дамып келген балалар поэзиясына соны ырғақтық жүйелер сыйлап, формалық, стильдік тұрғыдан түрлендіре түсті. Осы орайда, сан-салалы балалар фольклоры жазба балалар поэзиясының толысуына, сапалық деңгейінің өсуіне жол ашты. Тіпті осы күнге дейін жазба балалар поэзиясы фольклордың алтын арқауынан біржола қол үзіп кете қойған жоқ. Қайта балаларға арналған ауызша мұралардан нәр алып, оларды жаңаша жаңғыртып, ырғақтық, дыбыстық, интонациялық, мелодикалық тұрғыдан байытып келеді. Балалар фольклоры мен жазба балалар поэзиясындағы басты айырмашылық олардың ырғақтық жүйесінен көрінеді. Әдетте, ауыз әдебиетіндегі өлең-жырлардың бунақтар реті мейлінше тұрақты әрі ырғақ жүйесі, негізінен, әуенге құрылатын болса, жазба поэзияда аталмыш бунақтық тәртіп өзгеріп, ырғақ жүйесі сөйлеу мәнеріне қарай ойысты. «Қазақ дүниетанымында ежелден бар, алайда күні бүгінге дейін теориялық тұрғыдан жүйеленбей келген, ойды ойға жеткізу тәсілі болған тақпақтау тәсілінің төркіні ырғақ екендігі белгілі. Ырғақ грек тілінде шамалас, мөлшерлес, сайма-сай деген мағынаны берсе керек.

Табиғат дүниесінің өлшемді ырғақсыз болмайтындығын екінің бірі біледі» деген пікір сөзімізді қуаттай түседі (Дәуітұлы & Матыжанов, 2022: 22).

Балалар фольклорынан жеткен 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 буынды өлшемдер балалар әдебиетінің соңғы бір ғасырлық тарихында едәуір құбылып, түрленіп үлгерді. Тіпті балалар поэзиясынан 1, 2, 3, 13, 14, 15, 16 буынды өлшемдермен жазылған өлең-жырларды кездестіруге болады. Қазақ балалар поэзиясындағы модификация мәселелерін өлең өлшемдері тұрғысынан сөз еткенде, олардың екі түрлі бағытта жүзеге асқанын байқауға болады. Біріншіден, дәстүрлі өлшемдермен жазылған өлең жолдары бірнеше тармаққа жіктеліп, әр сөз бен сөз тіркесіне ерекше екпін түсіру дәстүрі орнықты. Екіншіден, буын саны әртүрлі өлшемдерді еркін сабақтастыра отырып өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін байыту дәстүрі орныққанын айтуға болады. Осылайша, ақындар өлеңнің ырғақ жүйесін құбылтып, түрлендіріп, белгілі бір сөздер мен сөз тіркестеріне ерекше екпін түсіріп, эмоциялық, семантикалық салмағын арттыруды көздейді.

Ендігі ретте өлең-жырдағы әуеннен гөрі ой мен сезім, екпін мен үн алға шықты. Бір жағынан, бұл қазақ руханиятындағы тыңдауға негізделген мәдениеттің орнына көзбен көріп оқуға сүйенген мәдени-эстетикалық платформаның орнығуын көрсетеді. Дегенмен, бұл балалар фольклорында сөйлеу мәнеріне жақын үлгілер болған жоқ дегенді білдірмейді. Әдетте, ауыз әдебиетіндегі қаламақ, сұрамақ сынды кейбір жанрларда сөйлеу мәнері басым болып келеді. Бұл тұрғыдан алғанда, балаларға арналған ауыз әдебиетінің үлгілері кейінгі жазба балалар поэзиясының ғана емес, жалпы қазақ поэзиясының ұстазы болғанын айту парыз.

Жоғарыдағы мысал ретінде алынған өлең-жырлардан балалар поэзиясының көркемдік қуаты толыққанды ашылды деп айта алмаймыз және біз оны мақсат еткен жоқпыз. Біз тек балалар поэзиясына жаңалық болып келген формалық, ырғақтық ізденістерге шолу жасап, олардың табиғатын ашуға ұмтылыс жасадық. Осы орайда, әдеби экспериментке батыл бара білген ақындардың шығармаларынан ғана үзінді келтіруге тырыстық. Атап айтқанда, М.Жұмабайұлы, Ә.Қайран, Ж.Карбозин, М.Әлімбаев, Е.Өтетілеуов, Ж.Әбдіраш, Ж.Смақов, Б.Серікбайұлы т.б. сынды ақындар балалар өлеңінің құрылысына жаңа леп әкеліп, өзгеше мінез дарытты. Әрине, қазақ балалар поэзиясында айрықша із қалдырған өзге де классик ақындарымыз аз емес. Дегенмен, біз өлең құрылысын саналы түрде түрлендірген ақындардың өлеңдерімен шектеліп отырмыз. Әсіресе, тәуелсіздік тұсындағы қазақ балалар поэзиясында формалық тұрғыдан батыл ізденістерге бара білген ақындар аз. Қазақ балалар поэзиясындағы модификация мәселелері жеке-дара монографияға жүк боларлық іргелі тақырып деп ойлаймыз. Біз осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан тыс қалып келген тақырыпқа кіріспе есебінде шолу деп санаймыз. Алдағы уақытта бұл мәселені індете зерттеу әдебиеттанушы әріптестеріміздің еншісіне қалып отыр.

Әдебиеттер:

1. Нысанбаев Ә. Қазақ философиясының рухани бастаулары. – Егемен Қазақстан. – 2013. – 69.
2. Қабдолов З. Оқулық және оқулыққа қосымшалар. – Алматы: Санат, 2003.

3. Саметова Ж. Қазақстандық білім беру саясатындағы бала тәрбиесіне қатысты Абай көзқарастарының ой-пікірлері. Ұлттық білім, 2024. – 53(241), 397-408. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2774221>
4. Үсенова А. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылысы: дәстүр және даму үрдістері (Монография). – Алматы: Білім, 2010.
5. Жұмабаев М. Шығармалар (3 томдық, 1-т.). – Алматы: Білім, 1995.
6. Күміс кебеже: Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері. Асқар О. (құраст.). – Алматы: Балауса, 2010.
7. Матыжанов К. І. Рухани уыз: Қазақ балалар фольклоры. – Алматы: Атамұра, 2023.
8. Шынашақ: Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Құраст. Әлімбаев, М., Баянбаев, Қ. – Алматы: Балауса, 1992.
9. Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері (Бес томдық, 1-т.). – Алматы: Арда, 2011.
10. Балалар поэзиясының антологиясы (Балаларға арналған өлеңдер жинағы). – Алматы: Атамұра, 2021.
11. Кәусар бұлақ: Хикаяттар, әңгімелер мен ертегілер (7-ші кітап). – Алматы: Баянжүрек, 2013.
12. Қошым-Ноғай Б.С. Таңғажайып түс: Өлеңдер, тапқактар, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер. – Алматы: Жазушы, 2003.
13. Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы: Қуыр, қуыр, қуырмаш (Т. 1). – Алматы: Әдебиет баспа үйі, 2021.
14. Қошым-Ноғай Б. (құраст.) Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы: Бейбіт күн (Т. 3). Алматы: Әдебиет баспа үйі, 2021.
15. Торайғыров С. Алаш ұраны: Таңдамалы шығармалары. Алматы: Жазушы, 2003.
16. Дәуітұлы, Т., & Матыжанов, К. С. Жаңылтпаштардың құрылымындағы ұйқастың рөлі. Керуен, 76(3), 2022. – 6. 17-25. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-01>
17. Ергөбек Қ. Адамның бір қызығы бала деген... қазақ балалар әдебиеті мәселелері. – Нұр-Сұлтан: Big Dream баспасы, 2021.

References:

1. Nysanbayev, A. (2013). Spiritual origins of Kazakh philosophy. Sovereign Kazakhstan, (69).
2. Kabdolov, Z. (2003). Textbook and annexes to the textbook. Almaty: Category.
3. Sametova, Z. (2024). Reflections of Abay's views on child education on Kazakhstan education policies. Milli Egitim, 53(241), 397–408. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/2774221>
4. Usenova, A. (2010). Construction of modern Kazakh poetry: Traditions and development trends (Monograph). Almaty: Education.
5. Zhumabaev, M. (1995). Works (3 volumes, Vol. 1). Almaty: Education.
6. Askar, O. (Comp.). (2008). Kumis Kebezhe: Poems of Kazakh poets for children. Almaty: Balausa.
7. Matyzhanov, K. I. (2023). Rukhani Zhangyru: Kazakh children's folklore. Almaty: Atamura.
8. Alimbaev, M., & Bayanbaev, R. (Comps.). (1992). Shynashak: Anthology of modern Kazakh children's poetry. Almaty: Balausa.
9. Classical examples of Kazakh children's literature (Five volumes, Vol. 1: Poems) (2011). . Almaty: Arda.
10. Anthology of children's poetry (Collection of poems for children). (2021). Almaty: Atamura.
11. Kalievich, S. (Ed.). (2013). Kausar Bulak: Stories, narratives, and fables (7th book). Almaty: Bayanzhurek.
12. Koshim-Nogai, B. S. (2003). Amazing dream: Poems, rhymes, enumerations, riddles, tongue twisters, and fairy tales. Almaty: Writer.
13. Koshim-Nogai, B. (Comp.). (2021). Anthology of Kazakh children's literature: Fry, fry, fry (Vol. 1). Almaty: Literature Publishing House.
14. Koshim-Nogai, B. (Comp.). (2021). Anthology of Kazakh children's literature: Peaceful day (Vol. 3). Almaty: Literature Publishing House.
15. Toraigrov, S. (2003). Alash Urani: Selected works. Almaty: Writer.
16. Dautuly, T., & Matyzhanov, K. S. (2022). The role of rhyme in the structure of delusions. Caravan, 76(3), 17–25. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-01>
17. Yergobek Q. (2021). One of the most interesting things about a person is a child... issues of Kazakh children's literature. – Nur-Sultan: Big Dream Publishing House.